С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары//Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. – 2014. – Т.1., ч.1. – Б.223-224

ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС СИЫРЫНЫҢ "АЛАБОТА" МҰҚЫЛ ТҮРІНІҢ ЕТ МАЛЫН ЖЕТІЛДІРУ

Шахмова Н.А., Әшімов С.Ә., Естанов А.Қ.

Президенттің халыққа жолдауында мемлекетімізде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында көп көңіл аударылуда екендігі аталды. Қазіргі таңда, Қазақстанда ауылшаруашылығы баяу дамып келеді. Мысалы, ірі қара мал тұқымдарын жақсартып, өнімін жоғарлатып, мемлекетімізде ет пен сүт өндірісін жетілдіру.

Мүйізді ірі қара малдың бірі, жергілікті қазақ және қалмақ сиырларын герефорд бұқасымен айқастыру нәтижесінде алынған, құндылықтары жоғары қазақтың ақбас сиырлары. Бүгінгі таңда, республика мұқтажына өте қажетті ет сапасын жақсарту мақсатында, генетикалық жағынан бір біріне жақын басқа тұқымдармен будандастыру жұмыстары жүруде. Құндылықтарына республиканың далалы, шөлейт табиғи жағдайына бейімделуі, жақсы жерсіндірілуі, шыдамдылығы, кейбір ауруларға төзімділігі, еттінің жоғарғы сапалылығы және азықтандыру да көнбістігін жатқызуға болады. Ол жазғы уақытта ыстықты жеңіл көтереді, ал қыс мезгілінде суықтардан қорықпайды. Төлдері ашық аспан астында аналармен жайылымда қалғанда шыдамдылықпен ерекшеленеді.

Қазақтың ақбас сиыры өз уақытында жайылым малы ретінде шығарылғанымен, заман талабының өзгеруіне байланысты ол тек қана жайылым жерлерде асырауға бейімді болуы ғана емес, алайда астық шаруашылығында алынған құны арзан концентраттар, жем-шоппен қоректеніп шығындарды аз талап етіп, өзінің қарқынды өсіп жетілуін, табиғи мықтылығын жоймай өсу тиістігі. Бұл селекция жолымен ақбас сиырлардың сапасын жоғарлатып, одан да өнімді мал түрін алуға болады.

Республикада осы жақын уақытқа дейін сұрыптау-асыл тұқымды бағытта - қанағаттанарлықсыз азықтандыруда таңдаулы малдың көптеген белгілері бойынша жұмыстары жүргізілді. Алайда тұтас тірі арақатынасының мен тірі салмағының арасындағы жоқтылығынан, экстерьермен. Әдеттегідей сұрыптау жұмыстарын жүргізіледі және өсіру қарқыны мен сүттілігі тәуліктің орташа мөлшерінде бұзаудың өсуі сол қалыпта қалады. Сол себептен қазақтың ақ бас тұқымының еттің сапасының дамуы қарқыны өзгермейді және сүтті тұқымды сиырлардан артық болмауының себебі де сол.

Біздің асыл тұқымды зауыттарының тәжірибе көрсеткіштері мынандай: бұқалардың өнімділігі және тұқымның сапасын тексере бастағаннан соң,

жақсы тұқым жалғастырушыларды, жаңа ұрпақтың шығарылуы және іріктеудің тиімділігін артуын анықтау мүмкіндігі пайда болады.

Егер мысал ретінде ТОО "Племзавод Алабота"- ны алсақ, онда оларадың 15 айлық бұқаларынің тірі салмағы 380 - 400 кг деңгейде болған, ал қазіргі кезде сол зауыттағы 15 айлық бұқаларынің тірі салмағы 450 - 520 кг, тәуліктік салмақ жинауы 1000-1250гр құрайтын көрсеткіштері бойынша іріктеледі.

Осыған орай, асыл тұқымды шаруашылықтарда, фермалар мен асыл тұқымды мал өсіруші зауыттарда негізгі етті тұқымдарды көбейту амалдарының бірі, тазатұқымды аталықтар-бұқалар линиялары мен семействасынан, алынған төлдердің өсіп-өну қарқыны,өнімділігі, төзімділігі, бейімделуі, ауруларға қарсы тұру қасиеттерге ие болуы бойыншатаңдалып,іріктеліп алынуы керек. Сиырлары болса сүт өнімін жоғары болуы арқылы еметін бұзауларының тірі салмағының тәуліктік өсуі 1000 грамм, не болмаса оданда жоғары болу керек. Тек осы талаптарға сай жұмысты атқарсақ, 10 жыл аралығында біздің мемлекет ішкі мал қорын оңтайлап, жасы 15 айлық тауарлы мал басының тірі салмағын 550 кг жеткізе аламыз.

Ірі масштабты селекция мен генетикалық алуантүрлілік пайымдылығын артыру мақсатында, таза, жоғары қанды малтұқымын өсірумен айналысатын шаруашылықтарда, келесі алынатын төл буындардың пайымды қасиеттерін сақтап, қандарын жаңартып отыру үшін, селекция жұмыстарын таза тұқымды жаңа линиялы бұқаларды қолдану арқылы жүргізілу керек. Бұл істер тек қолдан ұрықтандыру жұмыстары арқылы жүзеге асады.Тек осы бір амалдың өзі тоуарлы мал табынын қалыптастыруға айтарлықтай көмек болып табылады, ал осы мақсатқа жету жолы, ол білікті кадрлар-селекционерлер мен ет малының технологтарын даярлау қажет.

Қорытындылай келсек, қазақтың ақбас тұкымдарын одан әрі жақсарту саласында бірден бұқаларын келесі талаптарға сай бөліп алу керек: шөлейт табиғи жағдайына бейімделуін, жақсы жерсіндірілуін, шыдамдылығын, ауруларға төзімділігін, етті мен сүттілігі жоғарғы деңгейге жеткізу үшін жасанды ұрықтандырумен көмегімен қол жеткізілуіміз мүмкін.